

ТАМА

Тама руының шыққан тегі тарихи әдебиетте ешқандай көрініс таппаған. Орыс деректемелерінде тама руы туралы алғаш рет 1748 және 1762 жылдарда айтылады. Ол жөнінде А. И. Тевкелевтің тізімінде және П. И. Рычковта, сонымен қатар Ларионовтың рапортында да кездеседі.

Бұл рудың неғұрлым ертеректегі тарихын анықтау үшін, біздің ойымызша, Рашид ад-Диннің монғол тайпаларының ішінде баргубурут бөлімдерінің бірі Енисейдегі ңырғыздар арасында мекендеген тума (тумэте) болғайы туралы мағлұматы қызықтырарлық болып табылады. Жорамал ретінде бұл тума тама руының атабабалары болып табылады деп санауға толық мүмкіндік береді. Және де бұл арада мәселе үндестікте болып отырған жоң, қайта туманың қазіргі қырғыздарда да, наймандар арасында да кездесетіндігінде болып отыр. Қырғыздың сару тайпасы арасында ахынай (ақынай) руы бар, оның тегі қазақтардан шыққан делінеді. Шынына келгенде, қазақтың тама руында да ахынай бөлімшесі бар. Тумалардың әлдебір бөлігінің дербес ру ретінде алшындар құрамына енуі әбден мүмкін.

Тама руының шежіресін қарастыра келгенде, біз онда есенгелді, жабыл және жоғы деген үш тармақ бар екенін көреміз. Рудың таңба белгісі: **||** қос әліп (архив деректері, Гродеков, Мейер және басқа деректемелер бойынша). Тамалар таңбасы қазақтың қыпшақ тайпасының таңбасынан еш айырмасы жоң екенін атап өту керек. Оның үстіне Тама руы ертедегі қыпшақтардың ежелгі жерінде, яғни Оңтүстік Оралда, Жайық және Тобыл өзендерінің жоғарғы ағысында үнемі мекендеп келген.

XIVXVI ғасырларда батыр Шора бастаған тама тайпасы ДештіҚыпшақта, Қазақ хандығының, Ноғай ордасының саяси өмірінде зор рол атқарды. Осының бәрі тамалардың ДештіҚыпшақпен тығыз байланысын, олардың қыпшақтармен этникалық жағынан туыс екенін көрсетеді. Тама руының ұраны «Қарабура».